

**Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілерді анықтау, құру, аттестаттау және есепке алу ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2010 жылғы 24 желтоқсандағы № 784 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 25 қаңтарда N 6750 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 10-1/18 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.01.17 № 10-1/18 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 77-бабын іске асыру мақсатында,  
**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілерді анықтау, құру, аттестаттау және есепке алу ережесі бекітілсін.

2. "Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде селекциялық-тұқым өсіру мақсатындағы объектілерді анықтау, құру, аттестаттау және есепке алу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті төрағасының 2007 жылғы 30 қаңтардағы № 39 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4561 тіркелген, 2007 жылғы 7 қыркүйектегі "Заң газетінде" № 137 (1166) жарияланған) бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Табиғат ресурстарын пайдалану стратегиясы департаменті (Ж.Ы. Омаров) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министрдің м.а.*

*Е. Аман*

Қ а з а қ с т а н                    Р е с п у б л и к а с ы

Ауыл                    шаруашылығы                    министрінің                    м.а.

2010                    жылғы                    24                    желтоқсандағы

№ 784 бұйрығымен бекітілген

# Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілерді анықтау, құру, аттестациялау және есепке алу ережесі

## 1. Негізгі ережелер

1. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілерді анықтау, құру, аттестациялау және есепке алу ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Орман Кодексінің 77-бабына сәйкес әзірленді және мемлекеттік орман қоры учаскелерінде тұрақты орман тұқымдары базасының объектілерін анықтау, құру, аттестациялау және есепке алу жөніндегі іс-шараларды жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) климатқа бейімдеу – таралымның ортаның жаңа жағдайларына бейімделуі табиғи немесе жасанды сұрыптау негізінде генетикалық ілгерілеушіліктің нәтижесінде болатын өсімдіктерді жерсіндіру нысандарының бірі;

2) мұрағаттық-аналық плантациялар – көбейтудің вегетативтік тәсілдерін қолдану негізінде сұрыптап алынған ағаш тұқымдарының құндынысандарының генетикалық қорын сақтау мақсатында құрылатын плантациялар;

3) орман бонитеті – орман өнімділігінің көрсеткіші. Өсіп-өну жағдайларына байланысты және басты тұқым ағаштарының орташа биіктігі мен орташа жасы бойынша айқындалады;

4) плантацияларды оқшаулау – орман тұқымдары плантацияларының негізінен табиғи екпелерден қажетсіз тозаңмен тозаңдану процесіне жол бермейтін жағдайлар;

5) клон - вегетативтік көбейту жолымен бір бастапқы дарақтан алынған барлық ұрпақтардың жиынтығы;

6) орман тұқымдары плантациялары (бұдан әрі – ОТП) - құнды мұрагерлік қасиеттері бар тұқымдар алуға арналған екпелер селекциясының әртүрлі әдістерін қолдану негізінде жасанды жолмен құрылатын плантациялар;

7) вегетативтік жолмен отырғызылған ОТП – вегетативтік жолмен алынған материалды пайдаланып отырғызылатын ОТП;

8) екінші реттің (ұрпақтың) ОТП-сы – комбинациялық қабілеті тексерілген бастапқы материалды пайдалану негізінде құрылатын ОТП;

9) клондық ОТП – артықшылығы бар немесе элиталық ағаштардың вегетативтік ұрпағын (клондарын) пайдаланып құрылатын ОТП;

10) бірінші реттің (ұрпақтың) ОТП-сы – отырғызу кезінде бастапқы материал ретінде фенотиптік белгілері бойынша сұрыптап алынған аналықтар (

артықшылығы бар ағаштар) пайдаланылатын ОТП;

11) тұқым сеуіп өсірілген ОТП – отырғызу кезінде аналықтардың бақыланатын тозаңдануынан немесе еркін тозаңданудан алынған себілетін тұқымдар пайдаланылатын плантациялар;

12) тұрақты орман тұқымдары учаскелері (ТОТУ) – ұзақ уақыт бойына қалыпты және жақсартылған тұқымдар алу үшін арнайы қалыптастырылған аналық екпелер. ТОТУ шығу тегі табиғи (жасанды сирек) аса шығымды жоғары сапалы екпелерде отырғызылады;

13) интродуценттер – олар бұдан бұрын өсіп-өнбеген орман өсіру ауданына өсірілген өсімдіктер.

3. Тұрақты орман тұқымдары базасын құруды ормандарды молықтыру және орман өсіру үшін тұқымдар мен көшет материалы жөніндегі қажеттілікке сәйкес орман селекциясы мен тұқым шаруашылығы саласындағы маманданған ұйымдар (бұдан әрі – маманданған ұйым) жүзеге асырады.

4. Селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілерді анықтау мен құруға арналған өлшемдер орман өсетін аймаққа, орманның өсу жағдайларының тұрпатына, орман өсімдіктерінің жекелеген түрлерінің биологиялық ерекшеліктеріне, олардың жасы мен жай-күйіне, сондай-ақ оларды анықтау мен құру мақсаттарына байланысты.

5. Селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілерді қалыптастыру, мемлекеттік орман қоры учаскелерінде оларды пайдалану режимі осы салада маманданатын орман орналастыру, жобалау-ізвестіру және ғылыми ұйымдар әзірлеген, мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткен жобалармен айқындалады. Осы жобаларды іске асыруды мемлекеттік орман иеленушілер жүзеге асырады.

## **2. Орман тұқымдары плантациялары**

6. ОТП үш санатқа: бірінші реттегі, генетикалық құндылығы жоғары және екінші реттегі ОТП-ға бөлінеді.

7. Бастапқы материалды көбейту тәсілі бойынша ОТП вегетативтік жолмен отырғызылған (клондық), оның ішінде артықшылығы бар ағаштардың түйнектерін жас шыбықтарға телу арқылы алынатын телімдік және аналық ағаштардың тамырланған бөліктерін отырғызу арқылы алынатын өз тамыры бар ОТП және тұқым сеуіп өсірілген (тұқымдастар) немесе артықшылығы бар ағаштардың тұқымынан өсірілген екпелер (қалемшелер) отырғызу арқылы немесе осы ағаштардың тұқымын себу арқылы құрылатын ОТП болып бөлінеді.

8. ОТП отырғызу тәсілін таңдау жобаларда ағаш тұқымының биологиялық ерекшеліктеріне, орманның өсу жағдайларына және өңірдегі орман

шаруашылығын жүргізудің қарқындылығына сәйкес айқындалады.

9. Селекция мақсаттарын басшылыққа ала отырып, бірінші реттегі ОТП-да бір немесе бірнеше селекцияланатын белгілері бойынша іріктеп алынған артықшылығы бар ағаштардың ұрпағы топтастырылады.

10. ОТП-да осы орман тұқымдары ауданының бір немесе бірнеше таралымдарының артықшылықтары бар ағаштарының ұрпағы шоғырландырылады. Тұқымдарды пайдалану өңірін кеңейту мақсатында көршілес орман тұқымдары аудандарының артықшылықтары бар ағаштарының ұрпақтарымен, ал интродуценттер үшін – көршілес орман өсетін аудандардың артықшылықтары бар ағаштарының ұрпақтарымен ОТП құрылады.

11. Бұл жеміс беруін күшейтуге және тұқымдардың пісуін жақсартуға жәрдемдесетін болса, орман тұқымын аудандастыруды кеңейту мақсатында табиғи таралу аймағынан тыс жерлерде ОТП құру үшін клондардың (тұқымдастардың) орнын ауыстыру жүзеге асырылады. Осындай ОТП тұқымдары бастапқы артықшылығы бар ағаштар өскен аудан үшін орман тұқымдарын аудандастыруға сәйкес пайдаланылады.

12. Тау жағдайларында ОТП биіктік белдеулері немесе таралымдары, артықшылығы бар ағаштар өсетін жерлер бойынша немесе артықшылығы бар ағаштар өсетін жерлермен салыстырғанда биіктігі шамалы жерлерде отырғызылады.

13. ОТП-да орналастыру үшін ағаштар іріктеп алу осы ағаштар өсетін жерлердің жағдайлары тұрпаттарын немесе тұрпаттары топтарын ескере отырып өткізеді. Фенологиялық бейнесі байқалатын ағаш тұқымдары үшін (қарағай, шырша, қайың, сексеуіл) ОТП отырғызу ерте және кеш қалыптасатын бейнелерімен бөлек жүзеге асырылады.

14. ОТП-дағы артықшылығы бар ағаштар клондарының өкілдігі тұқымдық ұрпақта табиғи таралымдардың генотиптік сан алуандығын сақтауды, түр ішіндегі будандастыруды барынша азайтуды жәнеселекцияланатын нышандардың барынша байқалуын қамтамасыз етеді, бұл үшін ОТП-да кемінде 25 (жиырма бес) артықшылығы бар ағаштың ұрпағы болады.

15. ОТП-ны блоктармен (танаптармен) құру кезінде артықшылығы бар ағаштар ұрпақтарының көрсетілген саны үш жапсарлас блокта (танапта) ғана болады.

Өзіне тән комбинациялық қабілеті бар артықшылығы бар ағаштардың өкілдерінен ОТП құру кезінде клондар саны таңдап алынған артықшылығы бар ағаштардың санымен шектеледі.

ОТП құру кезінде жерсіндірілген түрлер үшін клондар саны орман өсімдіктерінің әрбір түрі бойынша айқындалады.

16. ОТП-да артықшылығы бар ағаштардың ұрпағы өздігінен тозаңдануды

шектеу мақсатында бір клон өсімдіктерінің кеңістікте оқшаулануын қамтамасыз ететін жүйелі түрде қайталанып отыратын (жүйелі) немесе рендомизирленген (кездейсоқ) орын ауыстыру принциптеріне негізделген схемалар бойынша орналастырылады.

17. Бірінші реттегі ОТП құру жобаларын әзірлеу кезінде мыналар ескеріледі:

1) учаскелерді машиналар мен механизмдерді пайдалануға болатын аңызак желден қорғалған және қатты аяз соқпайтын айтарлықтай тегіс рельефті жерлерде орналасқан өнімділігі бонитеттің 1 (бірінші)-2 (екінші) сыныптарынан төмен емес орман өсімдіктерінің нақты түрлерін өсірудің орман өсіру-биологиялық талаптарына сәйкес келетін орман өсіру шарттары бойынша таңдады;

2) плантацияның жерсіндіру алқабы 5 (бес) гектардан кем болмауға тиіс, учаскенің бұдан кем алқабы орман өсімдіктерінің нақты түрлерінің тұқымдарына шектеулі қажеттілік болған жағдайда қабылданады;

3) екі және одан да көп вегетациялық кезең ішінде ОТП құру кезінде оның алқабын танаптар (блоктар) бойынша бөледі және игереді;

4) қажетсіз тозаңның ұшып келуін шектеу үшін ОТП құруға арналған учаске басқа түрлер екпелерінің арасына орналастырылады. Егер бұл мүмкін болмаса, зиянкестер мен саңырауқұлақ ауруларының аралық қожайындары болып табылмайтын ағаштардың жылдам өсетін ұшарбасы қалың ағаштарының 5 (бес)-10 (он) қатарынан тұратын қорғаныштық сүзгіш жолақтар құрылады.

Сүзгіш жолақтар ОТП құру кезінде кемшілігі бар ағаштар кемінде 300 (үш жүз) метрге аластатылған артықшылығы бар ағаштарды қорғауды көздемейді.

18. Жақын маңда артықшылығы бар ағаштар болмаған жағдайда ОТП үшін учаскелер сол түрдің жақын маңдағы қалың қалыпты екпелеріне қатысты жел соқпайтын жағынан отырғызады.

19. Клонды ОТП құрудың негізгі тәсілі мемлекеттік стандарттардың талаптарына сәйкес келетін тамыр жүйесі жабық қалемшелер отырғызу болып табылады. Қысқа мерзімде ОТП құру үшін оларды отырғызу түйнектерді телітуші дақылдарға телу арқылы жүзеге асырылады. Оңай тамыр жаятын түрлердің плантациялары қалемшелер егу арқылы жүргізіледі.

20. Телітуші дақылдарды екпелер (қалемшелер) отырғызып, өсімдіктердің ірі жемісті түрлерін (сексеуіл) тұқымдар сеуіп алады. Телітуші дақылдарды өсіру үшін орман тұқымдары ауданы шегінде артықшылығы бар ағаштардан дайындалған телітуші дақыл сияқты сол түрдің және фенологиялық қалыптың жақсартылған тұқымдарын пайдаланады. Жерсіндірілген түрлердің ОТП-сын отырғызғанда будандастыру кезінде осы түрлердің үйлесімділігі және осы іс-шараларды өткізудің шаруашылық және биологиялық қажеттілігі анықталғаннан кейін телітуші дақыл ретінде басқа түрдің өсімдіктері

п а й д а л а н ы л а д ы .

21. Артықшылығы бар ағаштардың вегетативтік ұрпақтарын жаппай көбейту мақсатында аналық плантациялар құрады.

Аналық плантацияларды клонды ОТП-да және селекциялық отырғызу материалын өсіруге маманданған питомниктерде отырғызады. Аналық плантацияларды құруды клонды ОТП-ның алғашқы танаптарын (блоктарын) отырғызумен бір мезгілде немесе ол басталғанға дейін бастайды. Аналық плантацияның алқабын және оны пайдалану мерзімдерін қалемшелер және ОТП-да вегетативтік көбейтуге жататын артықшылығы бар ағаштардың қажетті мөлшері жөніндегі қажеттілікті басшылыққа ала отырып айқындайды.

Отырғызу аяқталғаннан кейін әрбір аналық плантацияға клондарды нақты орналастыру схемасын жасайды. Оларда қалемшелер дайындауды ағаштардың 4 (төрт)-5 (бес) жасында бастайды.

22. Тұқымдас ОТП құру үшін тұқым дайындауды тікелей бұдан бұрын құрылған ОТП-да артықшылығы бар (элиталық) ағаштардан немесе олардың клондарынан жүргізеді. Питомниктің тұқым себілетін және мектеп бөлімшелерінде таңдап алынған ағаштардың ұрпағын тұқымдастары бойынша бөлек өсіреді. Өсірілген екпелер мен қалемшелер арасынан ОТП отырғызу үшін осы тұқымдастан биіктігі, сапасы және төзімділігі бойынша таңдаулыларын і р і к т е п а л а д ы .

23. ОТП отырғызу кезінде топырақ пен ағаштарға күтім жасау, бүрлер (жемістер, тұқымдар) дайындау кезінде машиналар мен механизмдердің емін-еркін өтуін қамтамасыз ететін қатарлар мен қатараралықтардағы өсімдіктер арасындағы қашықтық алынады. Орман өсу жағдайларына, орман өсімдіктерінің биологиялық ерекшеліктеріне және ОТП отырғызудың таңдап алынған тәсіліне байланысты қатарлардағы отырғызу орындарының арасындағы қашықтық 5 (бес) метрден 8 (сегіз) метрге дейінгі, қатараралықтарда – 7 (жеті) метрден 10 (он) метрге дейінгі аралықты құрайды.

24. ОТП үшін генетикалық құндылығы жоғары және екінші реттегі ағаштар таңдауды клондардың селекцияланатын нышандары бойынша комбинациялық қабілетін және олардың репродуктивтік қабілетін қамтитын тұқымдық және вегетативтік ұрпақтарды кешенді бағалау нәтижелері бойынша жүргізеді.

25. Селекцияның мақсаттарына, пайдаланылатын аналық ағаштардың генетикалық қасиеттері мен санына байланысты генетикалық құндылығы жоғары және екінші реттегі ОТП мынадай көп клонды, клондар саны шектеулі және бір клонды ОТП болып құрылады:

1) көп клонды ОТП-да жоғары ортақ комбинациялық қабілетке (бұдан әрі – ОКҚ) ие ұрпақтар өседі. Осы санаттағы ОТП-ның клондық құрамын қалыптастыру және клондарды ауыстыру схемаларын таңдау кезінде клондар

мұрағаттары мен бірінші реттегі ОТП-дағы артықшылығы бар ағаштардың клондық ұрпақтарын зерттеу кезінде анықталған олардың генеративтік даму ерекшеліктерін ескереді. Қайшылап тозаңдануды қамтамасыз ететін молынан және орташа гүлденетін аналық тұрпаттағы клондарға артықшылық беріледі. ОТП-да тозаңдандырушылар ретінде өміршеңдігі жоғары тозаңның еркек тұрпатты клондары енгізіледі.

2) клондар саны шектеулі ОТП өзіне тән жоғары комбинациялық қабілетімен (ЖКҚ) сипатталатын ағаштардың шамалы (әдетте, екеу) санын пайдалану негізінде құрылады. Осындай ОТП отырғызу үшін міндетті талап клондардың бір мезгілде гүлденуі болып табылады. Осы санаттағы ОТП-да таңдап алынған клондардың артығымен барынша жақсы тозаңдануын қамтамасыз ететін схемаларды қолданады. Тұраралық және алыстан түр ішіндегі будандастыру негізінде тұқым алуға арналған тұқымдық-будан плантацияларын дәл осылай құрады.

3) бір клонды ОТП-ыны жоғары ОКҚ немесе ЖКҚ-мен сипатталатын артықшылығы бар ағаштың ұрпағымен құрады. ОТП-да жоғары ОКҚ ағашы пайдаланылған кезде сол түрдің қоршаған екпелерінің тозаңымен плантацияларды емін-еркін тозаңдандыру не осы түр тозаңының қоспасымен жасанды жолмен тозаңдандыру көзделеді.

26. Жоғары ЖКҚ ағаштарының ұрпағымен құрылған ОТП-да тозаңдандыруды ЖКҚ-да сынау барысында таңдап алынған әріптестің тозаңын пайдаланып, тек жасанды жолмен жүргізеді.

ОТП-ның осы түрлері үшін орман өсу жағдайларына, орман өсімдіктері түрлерінің биологиялық ерекшеліктеріне байланысты қатарларда отырғызу орындарының арасындағы қашықтықты 7 (жеті) – 10 (он) метр, қатараралықтарда – 10 (он)-12 (он екі) метр мөлшерінде алады. Бұл орайда осы түрлердің екпелерінен қорғаныштық сүзгіш жолақтар құру немесе кеңістік бойынша оқшаулау міндетті түрде көзделеді.

Осы талап жоғары ОКҚ ағаштарының ұрпағымен құрылатын бір клонды ОТП-ға қолданылмайды.

27. Генетикалық құндылығы жоғары және екінші реттегі ОТП клондық құрамын құру принциптері орман өсу жағдайларының түрлері мен фенологиялық қалыптары бойынша, сондай-ақ оларды отырғызу технологиясы осы Ереженің 24-25-тармақтарында баяндалған талаптарға сәйкес келеді.

### **3. Тұрақты орман тұқымдары учаскелері**

28. ТОТУ ұзақ уақыт бойы оларда орман тұқымдарын алу үшін шығымдылығы жоғары және жоғары сапалы табиғи екпелерде немесе шығу тегі

белгілі орман дақылдарында кұрылады.

29. ТОТУ-дың ең аз мөлшерлі алқабы – 5 (бес) гектар. Екпелердің еңіс (тау жағдайларында) немесе шоқталып өсу сипаты жағдайларында, сондай-ақ осы ағаш тұқымына қажеттілік шектеулі болған кезде ТОТУ бұдан да аз алқапта отырғызылады. Кірме жолдары бар тегіс учаске таңдап алынады.

30. ТОТУ қалыптастыру үшін қалыпты немесе шығымдылығы бонитеттің 2 (екінші) сыныбынан төмен емес неғұрлым жоғары селекциялық санаттағы орман учаскелері таңдап алынады. ТОТУ мен кемшілігі бар екпенің немесе сол тұқымның кемшілігі бар ағашының арасындағы жол берілетін қашықтық кемінде 3 0 0 ( ү ш ж ү з ) м е т р .

Екі құнды тұқым (қайың мен қарағай) бірге өсетін табиғи екпелерде ТОТУ қалыптастыру екі тұқым бойынша жүргізіледі.

31. Екпелердің сапалық құрамын жақсартуға, тұқымдық ағаштардың ұшарбасын дамытуды қамтамасыз етуге, ерте тұрақты және молынан жеміс беруге, сондай-ақ ТОТУ-да бүрлер (жемістер, тұқымдар) дайындау үшін жайлы жағдайлар туғызуға 3 (үш)-5 (бес) рет әрекет жасау арқылы біркелкі немесе дәліздік тәсілдермен өткізілетін екпелерді сирету есебінен қол жеткізіледі.

32. Орман дақылдарында ТОТУ қалыптастыру кезінде екпелерді біркелкі сирету өткізілетін тұқымдық қатарлар алдын ала бөліп алынып, дәліздік тәсіл қ о л д а н ы л а д ы .

Сиретудің әрбір амалы алдында сау, биіктігі мен діңінің қалпы, ұшарбасының құрылымы мен дамуы, жеміс беру қарқындылығы бойынша жақсы тұқымдық ағаштар қаз қалпында таңдап алынады және белгіленеді.

Сиретудің бірінші және одан кейінгі амалдарында ілеспе тұқымдардың құрғақ, өспей қалған өсімдіктері, басты тұқымның жеміс бермейтін ағаштары ( екінші амалдан бастап), сондай-ақ зиянкестер мен аурулар зақымдаған, механикалық жолмен бүлінген, діңі қисық, бұтақты ағаштар алып тасталады.

33. Орман өсімдіктерінің түріне және өсу орнының жағдайларына байланысты ТОТУ-дың 1 (бір) гектарына оны қалыптастырудың аяқ шенінде 150 (елу)-300 (үш жүз) тұқымдық ағаш қалдырылады.

#### **4. Артықшылығы бар екпелер**

34. Артықшылығы бар екпелер – белгілі бір орман өсу жағдайларына арналған шығымдылығы жоғары және орнықты екпелер. Артықшылығы бар екпелерді сұрыптау жеміс беру кезеңіне кірген табиғи екпелерді немесе шығу тегі белгілі тұқымнан алынған орман дақылдарын селекциялық түгендеу кезінде ж ү р г і з і л е д і .

35. Артықшылығы бар екпелерге алдын ала генетикалық баға беруді олардың



тұқымдық ұрпақтары жастың 2 (екінші) сыныбына жеткенде жүзеге асырады. Түпкілікті баға ұрпағы басты мақсатта пайдалану үшін кесудің кемінде жарты жасына немесе нақты орман өсу аймағындағы өсімдіктердің әрбір түрі үшін қабылданған пісу жасына жеткенде айқындалады.

## **5. Селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілерді аттестациялау**

36. Селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы бөліп алынған және құрылған объектілер аттестациялануға жатады.

Мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілерді аттестациялауды уәкілетті органның маманданған ұйымы жүзеге асырады, оның бірінші басшысының немесе оны алмастыратын тұлғаның бұйрығымен аттестациялау комиссиялары (бұдан әрі - Комиссиялар) құрылады. Комиссияға уәкілетті органның аумақтық органдарының, облыстық атқарушы органдардың, орман иеленушілердің өкілдері енеді.

37. Маманданған ұйым аттестациялауды өткізу басталғанға дейін 10 (он) күн мерзім ішінде оның өткізілу күні және аттестациялануға жататын селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілердің орналасуы жайында Комиссия мүшелерін жазбаша хабардар етеді.

38. Комиссия маманданған ұйым өкілдерінің және мемлекеттік орман иеленуші өкілдерінің қатысуымен олардың нысаналы мақсатына сәйкес келуін қ а з қ а л п ы н д а а й қ ы н д а й д ы .

39. Селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілерді аттестациялау осы Ереженің 1, 2, 3-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілерді алдын ала есепке алу және іріктеу бойынша материалдар болған жағдайда жүзеге асырылады.

40. Селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілерді қаз қалпында тексеру нәтижелері бойынша Комиссияның қорытындысы осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік орман қоры аумағындағы селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілерді тексеру нәтижелері және беру-қабылдау актісінде (бұдан әрі – акт) көрсетіледі. Комиссияның оң қорытындысы болған жағдайда Комиссия Актіге қол қойғаннан кейін үш күн мерзім ішінде селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объект аттестацияланған болып есептеледі.

41. Бөліп алынған және құрылған селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілер өздерінің нысаналы мақсатына сәйкес келмеген жағдайда Комиссия теріс қорытынды береді.

42. Акт аттестацияланған селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы

объектілерді мемлекеттік орман иеленушіге беру-қабылдау құжаты да болып табылады. Объектілерді орман иеленушіге беру актіге қол қоюмен бір мезгілде жүзеге асырылады.

43. Аттестацияланған селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілерге осы Ережеге 5, 6, 7-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша Паспорттар толтырылады.

Паспортқа орамдық желіге немесе басқа тұрақты бағдарларға байланыстырылған селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектінің орналасуының сызбалық жоспары қоса тіркеледі.

44. Аттестацияланған селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілерге паспорттар алты данада: біріншісі - мемлекеттік орман иеленуші үшін; екіншісі - мемлекеттік орман иеленуші қарауында болатын мемлекеттік орган үшін; үшіншісі - аумақтық орган үшін, төртіншісі – уәкілетті органның маманданған ұйымы үшін, бесіншісі - уәкілетті орган үшін және алтыншысы – маманданған ұйым үшін толтырылады.

45. Аттестацияланған селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілер жергілікті жерде арнайы белгілерімен шектеледі, оларға осы Ережеге 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша орман шаруашылығы таңбалары басылады.

46. Орман орналастыру материалдарында аттестацияланған селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілерді орман орналастыру материалдары орындалған масштабта кез келген көлем жағдайында бөліп алады.

Егер орман орналастыру материалдарының масштабы және аттестацияланған селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілердің көлемі объектілерді орман орналастыру материалдарына енгізуге мүмкіндік бермесе, олар таксациялық сипаттамаға белгі қойылып, шартты таңбалармен көрсетіледі.

47. Аттестацияланған селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілер осы Ереженің 9-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жиынтық ведомосқа енгізіледі.

48. Селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілердің жиынтық ведомостары мен паспорттары тұрақты сақталатын құжаттар болып табылады.

49. Уәкілетті органның маманданған ұйымы орман орналастыру жұмыстарын жүргізу кезінде пайдалану үшін орман орналастыру ұйымына аттестацияланған селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілер туралы мәліметтерді береді.

## **6. Селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілерді есепке алу**

50. Селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілерді есепке алуды уәкілетті органның маманданған ұйымы жүзеге асырады.

51. Селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілерді есепке алу, олардың жай-күйіне және нысаналы пайдаланылу дәрежесіне талдау жасау үшін уәкілетті органның маманданған ұйымы уәкілетті органның аумақтық органдарының, облыстық атқарушы органдардың өкілдерімен бірлесіп орман иеленушілердің қатысуымен оларды жыл сайын тексеріп отырады.

52. Вегетациялық кезеңде табиғи күйін көзбен шолып тексеруге барлық аттестацияланған селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілер ж а т а д ы .

53. Тексеру кезінде селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілердің осының алдындағы есеп материалдары: объектілер паспорттары, тізілімдер, жиынтық ведомостар, таксациялық сипаттамалар, орман дақылдарын өсіру, түгелдеу және орман алқабына ауыстыру журналдары, объектілер абристері, планшеттер пайдаланылады. Селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілердің орналасуын нақтылау мақсатында жоспарлы орман орналастыру материалдарынан осы объектілер орналастырылған сызбалық к ө ш і р м е л е р а л ы н а д ы .

54. Тексеру көлемі олардың алқабына байланысты:

5 (бес) гектарға дейін - бүкіл алқап тексеріледі;

6 (алты)-50 (елу) гектарға дейін – олардың жалпы алқабының 20 (жиырма) % т е к с е р і л е д і ;

51(елу бір)-100 (жүз) гектарға дейін – олардың жалпы алқабының 15 (он бес) % ;

101 (жүз бір) гектарға және одан астам болса – алқаптың 5 (бес) % тескеріледі .

Егер объект алқабында орман өрті болса, оның бүкіл алқабы тексерілуге тиіс.

55. Әрбір селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объект бойынша оның қаз-қалпында ресімделуі (шекаралық белгілердің және оларда жазбалардың болуы), оның жай-күйі (ағаштарды зиянкестердің бүлдіру және ауруға шалдығу, механикалық және басқа да зақымдар нышандарының болуы, ұшарбаста кеуіп бара жатқан бұтақтардың сипаты және болуы, екінші қабаттың өсуі, ағаш астында өсімдіктердің өсуі), нысаналы пайдаланылуы (бүрлер, жемістер, тұқымдар, қалемшелер дайындау), сондай-ақ паспорттағы, жиынтық ведомостағы немесе тізілімдегі жазбалардың нақты деректерге сәйкестігі а й қ ы н д а л а д ы .

56. Тексеру нәтижелері бойынша осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша А к т т о л т ы р ы л а д ы .

57. Уәкілетті органның маманданған ұйымы материалдарды қорытып, селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілердің бар-жоғы және олардың жай-күйі жайында осы Ережеге 10 және 11-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша уәкілетті орган мен аумақтық органдарды ағымдағы жылдың 15 (он бесінші) желтоқсанына дейін жыл сайын хабардар етіп отырады, оларды одан әрі пайдалану, қорғауды жақсарту, қаз-қалпында ресімдеу, қайта жаңарту (қалпына келтіру), басқа санатқа ауыстыру немесе есептен шығару жөнінде уәкілетті органға ұсыныс енгізеді.

58. Уәкілетті орган селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілерді тексеру материалдарын қарайды, бекітеді және олардың жай-күйін одан әрі жақсарту мен пайдалану немесе есептен шығару жөніндегі шаралар туралы ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы .

59. Уәкілетті органның шешімі негізінде уәкілетті органның маманданған ұйымы селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілердің жиынтық ведомостары мен паспорттарына өзгерістер енгізеді және орман орналастыру жұмыстарын жүргізу кезінде пайдалану үшін оларды орман орналастыру ұйымына жеткізеді.

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілерді анықтау, құру, аттестациялау және есепке алу ережесіне 1-қосымша Нысан

## **ОТП-ны (аналық, клондық, тұқымдас) есепке алу**

### **№ КАРТОЧКАСЫ**

Тұқымы \_\_\_\_\_

1. Облысы \_\_\_\_\_

2. Мемлекеттік орман иеленуші \_\_\_\_\_ орманшылық \_\_\_\_\_

орам \_\_\_\_\_ телім \_\_\_\_\_

3. Ауданы, гектар \_\_\_\_\_

4. Өсу орны жағдайларының типі \_\_\_\_\_

5. Отырғызу жылы \_\_\_\_\_

6. Отырғызу әдісі (вегетативтік, тұқымдық) \_\_\_\_\_

7. Өскіндер (тұқымдастар) саны \_\_\_\_\_

8. Өскіндегі ағаштардың саны – дан -дейін \_\_\_\_\_

9. Ағаштардың орналасуы, метр \_\_\_\_\_
10. Орташа биіктігі, метр \_\_\_\_\_
11. Ұшарбасының орташа ені, метр \_\_\_\_\_
12. Қалемшелерді мүмкіндігінше дайындау көлемі, дана \_\_\_\_\_
13. Ағаштардың жай-күйі \_\_\_\_\_
14. Отырғызу объектісінің сәйкестігі және одан әрі пайдалану режимі туралы комиссияның қорытындысы \_\_\_\_\_
15. Сортты өскіндерге үміткерлер бөліп алу мүмкіндігі туралы ұсыныстар (№№ өскіндер, сорттар, будандар) \_\_\_\_\_
16. Объектілерді күтіп ұстауға және жағдайын жақсарту жөнінде ұсынылатын іс-шаралар \_\_\_\_\_

### Плантациядағы ағаштарды қайта есепке алу ведомосы

Артықшылығы бар ағаштың мем.тізілім бойынша №, буданның, сорттың атауы	Ағаштардың сақталуы		Орташа биіктігі, метр	Ұшар басының орташа ені, метр	Ағаштардың жай-күйі
	дана	%			
1	2	3	4	5	6
Учаске бойынша барлығы:					

Комиссия мүшелері (қызметі, қолы) \_\_\_\_\_

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Мемлекеттік орман қоры  
учаскелерінде селекциялық-тұқым  
шаруашылығы мақсатындағы объектілерді  
анықтау, құру, аттестациялау және  
есепке алу ережесіне

2-қосымша

Нысан

### Артықшылығы бар екпені алдын ала іріктеу карточкасы № \_\_\_\_\_

Басым тұқымның түрлік атауы \_\_\_\_\_

1. Облысы \_\_\_\_\_
2. Әкімшілік ауданы \_\_\_\_\_
3. Мемлекеттік орман иеленуші \_\_\_\_\_
4. Орманшылық \_\_\_\_\_
5. Орам № \_\_\_\_\_
6. Телім № \_\_\_\_\_






Е с к е р т у :

Орман дақылдары үшін "Шығу тегі" бағанында тұқымның шығу тегі қосымша көрсетіледі.

Карточканы толтырған (лауазымы, қолы) \_\_\_\_\_

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Е с к е р т у :

1. Екпелердің таксация көрсеткіштері орман орналастыру материалдары бойынша енгізіледі.

2. ТОТУ-ды алдын ала іріктеу карточкасын өсіп тұрған екпелерді (периметрі және диагональдық сызықтары бойынша) көзбен шолып қарағаннан кейін толтырады.

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілерді анықтау, құру, аттестациялау және есепке алу ережесіне

4-қосымша

Нысан

\_\_\_\_\_ мемлекеттік орман қоры аумағындағы мем.орман иеленушінің атауы

селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілерді

тексеру және оларды беру-қабылдау нәтижелерінің

а к т і с і

\_\_\_\_\_ бұйрығына сәйкес мына (уәкілетті органның маманданған ұйымының атауы)

құрамдағы комиссия \_\_\_\_\_

(комиссия мүшелерінің тегі, аты-жөні, қызметі) аттестациялау (есептен шығару, есепке алу) мақсатында селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілерді тексерді.

Тексеру нәтижесінде мыналар анықталды: \_\_\_\_\_

Селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілердің нысаналы мақсатын ескере отырып, олардың аттестацияланып



(нормативтік-әдістемелік құжаттардың, ОСТ-тар, жобалар талаптары бойынша), ақаулы деп, есептеп шығарылып отырған себептер баяндалады. Бұл орайда әрбір селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектінің алқабы немесе олардың саны (ағаштар үшін), түрлік атауы, орманшылық, орам, телім көрсетіледі.

Селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілер құруды жақсарту немесе оларды оны қайта жаңарту мақсатында белгілі бір орман шаруашылығы және өзге де іс-шараларды атқару қажет болған жағдайда олардың тізбесін келтіреді.

Комиссия тізбеге сәйкес бөліп алынған, құрылған, қалыптасқан селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілерді аттестациялауға және оларды қорғау әрі нысаналы мақсатында пайдалану үшін орман иеленушіге (орман пайдаланушыға) беруге болады деп е с е п т е й д і .

Аттестацияланбаған селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілер беруге-қабылдауға жатпайды.

Аттестацияланған және мемлекеттік орман иеленушіге берілетін селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілердің тізбесі

Комиссия мүшелерінің қолы: (тегі, қолы)

( т е г і , қ о л ы )

(тегі, қолы)

Аттестацияланған селекциялық-тұқым мақсатындағы тапсырдым _____ (маманданған ұйымның өкілі)	Аттестацияланған селекциялық-тұқым мақсатындағы қабылдап _____ (мемлекеттік орман иеленушінің өкілі)
---	--

М.О. М.О.

20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ 20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілерді анықтау, құру, аттестациялау және есепке алу ережесіне

5-қосымша

Нысан

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Облысы \_\_\_\_\_

Мемлекеттік орман иеленуші \_\_\_\_\_

Ағаш тұқымының түрлік атауы (түр тармағы, экотүрі, нысаны) \_\_\_\_\_

**ОТП (аналық, өскіндік, тұқымдастық) паспорты № \_\_\_\_\_**

Отырғызылған жылы \_\_\_\_\_

Плантация танабының көлемі, гектар \_\_\_\_\_

Мақсаты (селекция мақсаттары бойынша: орман тұқымы, аналық, клондық, тұқымдық) \_\_\_\_\_

ОТП реті (1-ші, генетикалық құндылығы жоғары немесе 2-ші) \_\_\_\_\_

Алынатын тұқымның санаты, (сортты, жақсартылған): \_\_\_\_\_

1. Плантацияның орналасқан жері:

Орманшылық \_\_\_\_\_

—  
Орам № \_\_\_\_\_ Телім № \_\_\_\_\_

Плантацияның орамда орналасуы (схемасы тіркеледі)

2. Плантация орналасқан учаскенің сипаттамасы:

Учаске санаты \_\_\_\_\_

Рельеф, тіктігі мен бөктердің экспозициясы \_\_\_\_\_

Орман өсіру жағдайларының типі \_\_\_\_\_

Топырақ және топырақ құратын тұқым \_\_\_\_\_

Шөп жамылғысы және дәндену деңгейі \_\_\_\_\_

Сол тұқымның жақын алқа ағаштарға дейінгі қашықтығы, \_\_\_\_\_ метр

Сол тұқымның кемістігі бар алқа ағаштарға дейінгі қашықтығы, \_\_\_\_\_ метр

Қоршаған екпелердің қысқаша сипаттамасы \_\_\_\_\_

3. Плантацияны құру тәсілі:

ұластырылған көшеттерді отырғызу;

тамырланған қалемшелерді ұластырыла егілетін екпелерге ұластыру

(фенологиялық формасы мен екпенің жасын көрсету);

артықшылығы бар ағаштардың тұқымынан өсірілген өскіндерде

(көшеттерді) отырғызу (өсімдік жасын көрсету);

себу \_\_\_\_\_

**№ \_\_\_\_\_ ОТП-да (аналық) өсетін**

**артықшылығы бар ағаштардың сипаттамасы**

--	--	--	--	--	--

Тізілім бойынша артықшылығы бар ағаштың нөмірі	Ағаштың орналасқан жері (облысы, орманшылығы, орамы, телімі)	Ағаштың аттестация кезеңіндегі жасы, жыл	Орман типі	Таксациялық көрсеткіштер		Ескерту (артықшылығы бар ағаштың селекцияланатын белгілері)
				D , сантиметр	H , метр	
1	2	3	4	5	6	7

Учаскенің дайындау және топырақты өңдеу агротехникасы \_\_\_\_\_

Отырғызу (себу) схемасы: қатардағы және қатарлар арасындағы (отырғызу орындары орталықтарының арасындағы) қашықтық, алаңшалардың мөлшері, 1 гектарға отырғызылатын орын саны, отырғызылатын орындағы өсімдіктер саны (алаңшада, қатар кесіндісінде) \_\_\_\_\_

Бастапқы материалдық шығу тегі (қалемшелер, артықшылығы бар ағаштардың тұқымдары) және дайындау мерзімі \_\_\_\_\_

Ұластыру әдісі және мерзімі \_\_\_\_\_

Плантация танабындағы (блогындағы) өскіндер (тұқымдастар) саны \_\_\_\_\_

Өскіндердің (тұқымдастардың) орналасу схемасы паспортқа тіркеледі.

#### 4. Плантациядағы тұқымдық ағаштардың жерсінуі мен сақталуы

Есепке алу күні	Көшеттер (екпелер, отырғызу орындары, ұластыру) бастапқы саны, дана/гектар	Жерсінген ұласулар, сақталған көшеттер (өскіндер), отырғызылатын орындар саны, дана/гектар	Жерсінуі (сақталуы), %	Өскіндердің (тұқымдастардың) сақталуы, схема бойынша көзделген саны/ %
1	2	3	4	5

Е с к е р т у :

1. Кестені отырғызылған жылы, отырғызылғаннан кейін 3 (үш)жыл және 5(бес) жыл өткен соң және аттестациялау болған жылы толтырады.

2. Аттестациялау кезінде клондар (тұқымдастар) арасындағы өсімдіктер саны айырмашылықтары туралы деректер енгізіледі, %.

ОТП-ны (аналық) мына құрамдағы Комиссия тексеріп, тұрақты орман тұқымы базасының құрамына енгізді:

Ұйым, тегі, қолы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

### 5. Плантацияны күтіп-баптау жөніндегі іс-шаралар

Жыл	Күн	Іс-шараның атауы және қысқаша сипаттамасы (толықтыру, сирету, топырақты күтіп баптау, тыңайтқыштар шашу; шашу дозалары мен мөлшері, тұқымдық ағаштардың ұшарбасын күтіп-баптау, зиянкестермен және саңырау құлақ ауруларымен күрес, тамырдан тыс қоректендіру және)	Жазбаны толтырған ( қызметі, тегі, қолы)
1	2	3	4

### 6. Плантацияда алынған тұқымдарды дайындау және пайдалану туралы деректер

Дайындау мерзімі	Тұқымдану балы	Дайындалған тұқым, бұр, килограмм	Алынған тұқым, килограмм шығым %	Тұқым сапасы: өнгіштік класы %	Тұқым сақтау			Тұқымды пайдалану туралы деректер	Жазбаны енгізген ( қызметі, тегі, қолы)
					орны мен тәсілі	күні басталу	аяқталу		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Е с к е р т у :

1. 5 және 6-бөлімдер бойынша жазбаны мемлекеттік орман иеленушінің мамандары толтырады

2. 6-бөлімде аналық плантациялар үшін қалемшелердің дайындалғаны және пайдаланылғаны туралы мәліметтер көрсетіледі.

Комиссия мүшелері:

\_\_\_\_\_ ( ұйым, тегі, қолы )

\_\_\_\_\_ ( ұйым, тегі, қолы )

\_\_\_\_\_ ( ұйым, тегі, қолы )

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Мемлекеттік орман қоры  
учаскелерінде селекциялық-тұқым  
шаруашылығы мақсатындағы объектілерді  
анықтау, құру, аттестациялау және  
есепке алу ережесіне  
б-қосымша

Нысан

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Облыс \_\_\_\_\_

Мемлекеттік орман иеленуші \_\_\_\_\_

Ағаш тұқымының түрлік атауы \_\_\_\_\_





(Ұйым, тегі, қолы)

-----  
(Ұйым, тегі, қолы)

-----  
(Ұйым, тегі, қолы)

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Мемлекеттік орман қоры  
учаскелерінде селекциялық-тұқым  
шаруашылығы мақсатындағы объектілерді  
анықтау, құру, аттестациялау және  
есепке алу ережесіне

7-қосымша

Нысан

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Облыс \_\_\_\_\_

Мемлекеттік орман иеленуші \_\_\_\_\_

Ағаш тұқымының түрлік атауы \_\_\_\_\_

**Артықшылығы бар екпенің паспорты № \_\_\_\_\_**

1. Артықшылығы бар екпенің орналасқан жері:  
Орманшылық \_\_\_\_\_

Орам № \_\_\_\_\_ Телім № \_\_\_\_\_

Екпенің алқабы, гектар \_\_\_\_\_

Алдын ала іріктелген карточка бойынша учаске № \_\_\_\_\_

Артықшылығы бар екпелердің орамда орналасуы (схемасы қоса тіркеледі)

2. Артықшылығы бар екпелердің сипаттамасы:

Рельеф, бөктердің экспозициясы және көлбеулігі \_\_\_\_\_

Теңіз деңгейінен биіктігі, метр \_\_\_\_\_

Топырақ-топырақасты жағдайлары (топырақ түрі, механикалық құрамы,  
жерасты) \_\_\_\_\_

Алқа ағаштың шығу тегі - табиғи (тұқымдық, өскіндік) немесе дақылдық

Қабат бойынша құрамы \_\_\_\_\_

Тұқым бойынша жасы, жыл \_\_\_\_\_

Басты тұқым ағаштарының орташа биіктігі және диаметрі: Н \_\_\_\_\_ метр,

D \_\_\_\_\_ с а н т и м е т р \_\_\_\_\_

Орман түрі \_\_\_\_\_

Орман өсу жағдайларының түрі \_\_\_\_\_

Бонитет сыныбы \_\_\_\_\_

Қабаттың толымдылығы \_\_\_\_\_

Қабаттағы екпелер қоры текше метр/1 (бір) гектар \_\_\_\_\_

Тұқымдар бойынша бүкіл алқаптың жалпы қоры, текше метр \_\_\_\_\_

Екпелердің санитарлық және орман патологиялық жай күйі \_\_\_\_\_

Өскіні \_\_\_\_\_

Орман астары \_\_\_\_\_

Басты тұқымның ұшар басының басым нысаны \_\_\_\_\_

Басты тұқым ағашының ұшарбасының орташа ұзындығы, метр \_\_\_\_\_

Басты тұқым ағашының бұтақсыз бөлігінің орташа ұзындығы, метр \_\_\_\_\_

Басты тұқым ағашының сүйекті бұтақтарының жуандығы \_\_\_\_\_

Басты тұқымның басым нысаны (морфологиялық, фенологиялық) \_\_\_\_\_

В.Г. Каппер шәкілі бойынша жеміс беру балы (соңғы 5 (бес) жылда  
о р т а ш а )

Ағаштардың екпелердегі селекциялық санаттары бойынша бөлінуі:  
артықшылығы бар, % \_\_\_\_\_

калыпты, % \_\_\_\_\_

кемістігі бар, % \_\_\_\_\_

Артықшылығы бар екпелерді нысаналы мақсаты бойынша сипаттамайтын  
көрсеткіштер (шайыр өнімділігі, мол тұқым беруі, тұқым сапасы, сүрек  
құрылымы және) \_\_\_\_\_

### 3. Артықшылығы бар екпеге жанасатын сүректіндердің сипаттамасы

№	Орам № телім №	Екпелер құрамы	Жасы, сыныбы/ жыл	Орташа		Толымдылығы	Қоры текше метр/гектар	Орман түрі/ бонитет сыныбы	Екпелердің селекциялық санаты
				Н, метр	Д, сантиметр				
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

4. Сол тұқымның кемістігі бар екпесіне дейінгі қашықтығы:  
ең жақыны, метр \_\_\_\_\_

гүлдеген кезде жел соғатын жақтағы ең жақыны, метр \_\_\_\_\_

-----  
( ұ й ы м , т е г і , қ о л ы )



-----  
( ұйым, тегі, қолы )

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

**5. Артықшылығы бар екпелерді күтіп-баптау**

Күні	Өткізілген іс-шаралардың атаулары	Жазбаны енгізген (қызмет, тегі, қолы)
1	2	3

**6. Артықшылығы бар екпелерде тұқым дайындау**

Тұқым дайындау күні (бұр, жеміс)	Дайындалған тұқым көлемі (бұр, жеміс), килограмм	Бүрден (жемістен) алынған тұқым килограмм, шығымы %	Тұқымды пайдалану туралы деректер	Жазбаны енгізген (қызметі, тегі, қолы)
1	2	3	4	5

Е с к е р т у :

Паспорттағы 5 және 6-бөлімдердің жазбаларын мемлекеттік орман иеленушілер толтырады.

Комиссия мүшелері:

-----  
( ұйым, тегі, қолы )

-----  
( ұйым, тегі, қолы )

-----  
( ұйым, тегі, қолы )

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Мемлекеттік орман қоры  
учаскелерінде селекциялық-тұқым  
шаруашылығы мақсатындағы объектілерді  
анықтау, құру, аттестациялау және  
есепке алу ережесіне  
8-қосымша  
Нысан

**Селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілерді жер бойынша шектейтін орман шаруашылығы белгілері**

Объектілер	Жазба шифрлары	Белгілер
Орман тұқымдары плантациясы (ССТ 56-84-80)	6 7 - 2 О Т П - 7 6 2,5	Орам нөмірі - телім нөмірі Атауы - отырғызу жылы Алқабы, гектар

Артықшылығы бар екпе		2 6 - 1 8 П Л А - 0 1 52,3		Орам нөмірі – телім нөмірі Атауы – отырғызу жылы Алқабы, гектар
Тұрақты тұқымдары (ССТ 56-84-80)	орман учаскесі	6 7 - 4 ТОТУ 5,5	- 77	Орам нөмірі - телім нөмірі Атауы - отырғызу жылы Алқабы, гектар

**Е с к е р т у :**

1. Бағаналар алқаптарды шектейтін сызықтардың қиылысына (бұрыштарда) орнатылады. Бағанның жазуы бар беттері учаске жаққа, ал қырлары учаскенің ортасына бағытталады.

2. Жазбалар трафареттер бойынша және 56-8480 ССТ-ға сәйкес жазылуы тиіс.

Мемлекеттік орман қоры  
учаскелерінде селекциялық-тұқым  
шаруашылығы мақсатындағы объектілерді  
анықтау, құру, аттестациялау және  
есепке алу ережесіне  
9-қосымша  
Нысан

**бойынша**

**(облысы)**

**ОТУ (аналық, клондық, тұқымдас), артықшылығы бар екпелердің,  
ТОТУ жиынтық ведомосы**

№	Объектінің атауы және ағаш тұқымының түрлік атауы	Алқабы, гектар	Орналасқан жері			Паспорт бойынша нөмірі	Отырғызу уақыты	Отырғызу әдісі	Ескерту
			Мемлекеттік орман иеленуші, орманшылық	Орам нөмірі	Телім нөмірі				
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

**Е с к е р т у :**

10-бағанда аналық плантациялар үшін нысаналы мақсаты (аналық, клондық, тұқымдас), ОТП - тұқым беру кезеңіне кіру уақыты көрсетіледі.

Мемлекеттік орман қоры  
учаскелерінде селекциялық-тұқым  
шаруашылығы мақсатындағы объектілерді  
анықтау, құру, аттестациялау және

есепке алу ережесіне

10-қосымша

Нысан

**\_\_\_\_\_ облысы бойынша 20 \_\_ жылғы жағдаймен  
селекциялық-тұқым шаруашылығы объектілерінің бар-жоғы  
және олардың жай-күйі**

р/с №	Мемлекеттік орман иеленуші, объектінің атауы	Осының алдындағы есепке алу деректері, гектар/дана	20__ жылы мәліметтері, гектар/дана	Тұқым атауы	Объектілердің орналасқан жері			Ескерту (объектілерде ұсынылатын іс-шаралар, есептен шығару себептері)
					орманшылық	орам	телім	
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1.								
2.								
3.								
	Облыс бойынша жиыны:							
	оның ішінде:							
	тұқымдар бойынша:							
1.	Шырша							
2.	Қарағай							
3.	Сексеуіл							

Уәкілетті органның маманданған ұйымының басшысы \_\_\_\_\_

Мемлекеттік орман қоры  
учаскелерінде селекциялық-тұқым  
шаруашылығы мақсатындағы объектілерді  
анықтау, құру, аттестациялау және  
есепке алу ережесіне

11-қосымша

Нысан

**20 \_\_ жылғы \_\_\_\_\_ жағдай бойынша Қазақстан Республикасы  
селекциялық-тұқым шаруашылығы объектілерінің жиынтық ведомосы**

Тұқым	О Т У , гектар	Т О Т У гектар	Артықшылығы бар екпелер, гектар	Ескерту
1	2	3	4	5
Барлығы,				

оның ішінде тұқымдар бойынша:				
Шырша				
Қарағай				
Сексеуіл, бұдан әрі тұқымдар бойынша				
Барлығы республика бойынша, оның ішінде				
Шырша				
Қарағай				
Сексеуіл, бұдан әрі тұқымдар бойынша				

Уәкілетті органның маманданған ұйымының басшысы \_\_\_\_\_